



**БҰЙРЫҚ
ПРИКАЗ**

№ _____ « _____ » _____ 202__ ж.

Ақтөбе қ.

«Индекстеу әдісін қолдана отырып, жылу энергиясын (буды) өндіру және беру бойынша «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы – Электр станциясының қызметіне бекітілген тариф пен тарифтік сметаны өзгерту туралы»

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 638, 640-тармақтарына сәйкес,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа №1, 2-қосымшаларға сәйкес 2024 жылғы 1 наурыздан бастап «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы – Электр станциясының уәкілетті орган айқындайтын индекстеу деңгейінен аспайтын шамада жылу энергиясын өндіру бойынша қызметке бекітілген тариф пен тарифтік смета өзгертілсін.

2. Реттелетін қызмет жөніндегі Қызмет басшы А.Т. Кужахметова жылу энергиясын өндіру және беру бойынша қызметтерге тариф пен тарифтік сметаның өзгергені туралы хабардар етсін:

- ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментін тарифтің, бекітілген тарифтік сметаның өзгеру себептерін қамтитын ақпаратты ұсына отырып, олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей;

- тұтынушыларды өзгертілген тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау қаржы-экономикалық мәселелер жөніндегі вице-президент М.Т. Кудековке жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Бас директор

Прокопьев С.Л.

КЕЛІСІЛДІ:

ҚЭМ жөніндегі вице-президент

Кудеков М.Т.

Реттелетін қызмет жөніндегі басшы

Кужахметова А.Т.

Таныстыру:

Таратылсын: іске, ЭжҚД, БЕЖҚЕБ, ЭжКБ, ЭС орынд. Кужахметова А.Т. Тел. 23-14

"Қазхром" ТҰК" АҚ бұйрығына
№ 1-қосымша

" " 2023 жыл №

**2024 жылғы 1 наурыздан бастап "Қазхром" ТҰК " АҚ филиал - Электр
станциясына жылу энергиясын (буды) өндіру және беру бойынша
қызметке тариф**

Көрсеткіш атауы	Өлш. бірл.	тариф, ҚҚС-сыз
жылу энергиясын (буды) өндіру және беру	теңге/ Гкал	1667,06

"Қазхром" ТҰК" АҚ Бас директоры

Прокопьев С.Л.

Реттелетін қызмет жөніндегі басшы

Кужахметова А.Т.

"Қазхром" ТҰК" АҚ филиалы - Электр станциясы

6% инфляция индексін ескере отырып, жылу энергиясын (буды) өндіру және беру бойынша қызметтерге тарифтік смета

№ р/р	Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	2024 жылғы 01 наурыздан бастап табиғи монополия субъектісінің жобасы
1	2	3	4
I	Тауарларды өндіруге және қызмет көрсетуге арналған шығындар - барлығы	мың теңге	130 529,13
	оның ішінде:		
1.	Материалдық шығындар, барлығы	мың теңге	107 841,91
1.1.	Отын(газ)	мың теңге	107 841,91
2	Энергия		1 562,75
.2.1	Техникалық су	мың теңге	1 562,75
.3	Өнімдер		1 916,57
.3.1.	Сығылған ауа	мың теңге	81,20
.3.2.	Химиялық реагенттер	мың теңге	1 835,37
4	Еңбекақы төлеу шығындары, барлығы	мың теңге	10 212,71
	оның ішінде:		
4.1.	жалақы	мың теңге	8 969,53
4.2.	өлеуметтік салық	мың теңге	467,31
4.3.	өлеуметтік аударымдар	мың теңге	282,54
4.4.	мед сақтандыру	мың теңге	269,09
4.5.	МКЗЖ	мың теңге	224,24
5	Амортизация	мың теңге	1 606,76
6	Жөндеу, барлығы	мың теңге	7 388,44
	оның ішінде:		
.6.1.	Негізгі құралдар құнының өсуіне әкелмейтін жөндеулер	мың теңге	7 388,44
II	Барлық шығындар	мың теңге	130 529,13
III	Пайда (- шығын)	мың теңге	-
IV	Барлық кірістер (тауарлық өнім)	мың теңге	54 643,82
V	Көрсетілетін қызметтердің көлемі (Гкал)	Гкал	78 299,06
	оның ішінде тауар өнімін босату	Гкал	32 778,58
VI	Өзіндік құны 1 Гкал (теңге)	теңге	1 667,06
VII	Тауар көлеміне арналған шығындар	мың теңге	54 643,82
VIII	Нормативтік шығындар	Гкал	2 505,89
		%	3,15%
IX	Тариф (теңге ҚҚС-сыз)	теңге/Гкал	1 667,06
	Анықтама		
	Персоналдың орташа тізімдік саны	адам	4,00
	оның ішінде		
	өндірістік персонал	адам	4,00
	әкімшілік персонал		-
	Орташа тізімдік жалақы	теңге	186 865,19
	оның ішінде:		
	өндірістік персонал	теңге	186 865,19
	әкімшілік персонал	теңге	-

"Қазхром" ТҰК" АҚ бас директоры

Прокопьев С.Л.

Реттелетін қызмет жөніндегі басшы

Кужахметова А.Т.

Күні: 27.12.2023 ж

Уәкілетті органның ведомствосы айқындаған тарифті индекстеу деңгейінен аспайтын шамаға Электр станциясының жылу энергиясын өндіру және беру (бу) бойынша қызметтеріне тарифтің өзгеруі туралы түсіндірме жазба

«Қазхром» ТҰК»АҚ филиалы – Электр станциясының (бұдан әрі – Электр станциясы) жылу энергиясын өндіру және беру (бу) бойынша реттелетін қызметтер көрсетеді.

«Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының (бұдан әрі – Заң) 4-бабының 10)-тармақшасына сәйкес Электр станциясының жылу энергиясын өндіру және беру (бу) бойынша қуаты аз табиғи монополия субъектісі болып табылады, оның табысы табиғи монополия субъектісінің бір күнтізбелік жылдағы барлық реттеліп көрсетілетін қызметтерінен түсетін табысының бес пайызынан аспайды.

Жылу энергиясын өндіру және беру (бу) бойынша қызметін көрсетуден түскен табыс 2023 жылы 28 680, 66 мың теңгені құрады, бұл компанияның реттелетін қызметінен түскен жалпы табысынан 2,4 % құрайды және қуаты аз қызметке жатқызудың Заңда белгіленген өлшемдерінен аспайды.

2023 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіле отырып, 1 Гкал үшін 1572, 70 теңге мөлшерінде сумен жабдықтау бойынша Электр станцияның жылу энергиясын өндіру және тарату (бу) қызметіне тариф Заңның 22-бабының 1-тармағының (1-тармақша) стратегиялық тауарлар құнының және стратегиялық тауарлар-«ҚазТрансГазАймақ» АҚ сатып алынатын тауарлық газды тасымалдауға мемлекеттік реттеуге жататын тарифтердің өзгеруі; (9-2-тармақша) бір жылдағы статистика деректері бойынша қалыптасқан өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір жұмыскердің орташа айлық номиналды жалақысының өзгеруі негізінде әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің 2023 жылғы 05 қыркүйектегі №91-НҚ бұйрығымен бекітілген.

Бекітілген тариф жылу энергиясын өндіру және беру (бу) бойынша шығындарды өтемейді.

2023 жылы осы қызмет бойынша 28 680, 66 мың теңге сомасында кірістер алынды, шығыстар 103 058, 78 мың теңгені құрады. Нәтижесінде 2023 жылы 74 378, 12 мың теңге сомасында шығын алынды.

2023 жылға қаржы-экономикалық көрсеткіштер келесідей қалыптасты:

Атауы	Өлш. бірл.	2023ж.көрсеткіштер	Атауы
Көрсетілген қызмет көлемі	Гкал	80 122,79	82 329
о. і. тарапқа өткізілген қызметтердің көлемі	Гкал	25 373,00	23 225,45
Өнімді өндіруге арналған шығындар	мың теңге	62 136,60	103 058,78
Пайда / шығын	мың теңге	- 34 719,81	-74 378,12
Барлық кірістер	мың теңге	27 416,80	28 680,66
Өзіндік құн1 Гкал	теңге/Гкал	2 448,93	4 437,32
Тариф (ҚҚС-сыз)	теңге/Гкал	1 080,55	1 080,55 (01.01.2023 бастап), 1161,59 (01.02.2023 бастап), 1572,70 (01.10.2023 бастап)

Заңның 18-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 638-тармағына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес «Қазхром» ТҰК» АҚ бекітілген тарифті уәкілетті орган айқындайтын деңгейден жоғары емес индекстеу жолымен жыл сайын тарифті белгілеуге құқылы.

Қуаты аз табиғи монополиялар субъектілерінің 2024 жылға арналған тарифін индекстеу деңгейі 6% мөлшерінде ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2023 жылғы 24 қазандағы №145-НҚ бұйрығымен айқындалған.

Қағидалардың 210-тармағына сәйкес индекстеу әдісімен тарифті есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$T = T_{\text{бек}} * \text{Динд},$$

мұнда Т – индекстеу әдісімен айқындалатын тариф;

T_{бек} – уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тариф;

Динд – уәкілетті органның ведомствосы айқындаған индекстеу деңгейі.

2024 жылғы 1 наурыздан бастап қолданыстағы және өзгертілген тарифтердің салыстырмалы кестесі:

Реттелетін қызмет	Қолданыстағы тариф, теңге/Гкал	Өзгертілген тариф, теңге/Гкал	Ауытқу, %
жылу энергиясын өндіру және беру (бу)	1572,7	1 667,06	6%

Қағидалардың 211-тармағына сәйкес шағын қуат субъектісі тарифті индекстеу кезінде уәкілетті орган 2024 жылға айқындаған индекстеу деңгейінен 6% жоғары емес шамаға шығындарды бөлуді дербес жүзеге асырады.

Қолданыстағы тарифтік сметадағы шығындардың жалпы сомасы 123 140,69 мың теңгені құрайды, тариф 6% ұлғайған кезде 01.03.2024 жылғы шығындардың өсуі 130 529,13 мың теңгеге дейін немесе **7 388,44 мың теңгеге** артады.

Жылу энергиясын (буды) өндіру және беру бойынша қызметтерге уәкілетті орган бекіткен тарифті өзгертуге арналған негіздер

Индекстеудің бекітілген деңгейі шегінде тарифті өзгерту қажеттілігі тауарларды өндіруге және қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындардың ұлғаюымен түсіндіріледі.

Тауарларды өндіруге және қызмет көрсетуге арналған шығындардың өсуі 2023 жылы негізгі құралдар құнының өсуіне әкелмейтін күрделі жөндеу бойынша шұғыл және қажетті іс-шараларды жүргізу есебінен болды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеуге жұмсалған шығындар 17 367 мың теңгені құрады.

	Факті 2022, мың теңге	Факті 2023, мың теңге
Ағымдағы жөндеу	10 145,27	17 367

Бұл жөндеулерді жүргізу қажеттілігі негізгі құралдардың техникалық жағдайына байланысты, бұл ақау тізімдемелерімен және жоспарлы-алдын алу жөндеулерінің жылдық кестесімен расталады.

Қағиданың 630-тармағының 4) тармақшасына сәйкес субъект жөндеуге жіберетін, негізгі құралдар құнының өсуіне әкеп соқпайтын қаражат осындай жұмыстың қажеттілігі туралы растайтын құжаттар негізінде тарифтің шығыс бөлігіне енгізіледі;

Заңның 15 - бабының 1-тармағына сәйкес тариф реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну бойынша шығындарды өтеуді және табиғи монополия субъектісінің дамуы мен тиімді жұмыс істеуіне бағытталған пайда алуды және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мақсаттарды қамтамасыз етуі тиіс.

Индекстеу әдісін қолдана отырып тариф 1 Гкал үшін 1 667, 06 теңгені құрайды (өсім 6,0%), іске асырылған қызметтерден түсетін кіріс бөгде ұйымдарға 54 643, 82 мың теңгені құрайды. Тарифтік сметаның қалған көрсеткіштері өзгеріссіз қалды. Тарифтік смета Қағидалардың талаптарына сәйкес қалыптастырылды.

Жылу энергиясын (буды) өндіру және беру бойынша көрсетілетін қызметтер көлемі бекітілген тарифтік сметада көзделген деңгейде қалады. Жылу энергиясын (буды) өндіру және беру бойынша көрсетілетін қызметтердің жалпы көлеміндегі бөгде тұтынушылардың үлесі 42% құрайды. Бұл қызметтің тұтынушысы заңды тұлға - «Лотос-Ақтөбе» ЖШС болып табылады.

Жылу энергиясын (буды) өндіру және беру бойынша қызметтерге тарифтің өзгеруіне ұсынылған есептік материалдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дайындалды.

**«Қазхром» ТҰК» АҚ Реттелетін
қызмет жөніндегі басшысы**

Кужахметова А.Т.